

## «Ұстаз-ұлы тұлға» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережелері

### 1. Жалпы ережелер

1. Жалпы орта және қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтері, сондай-ақ білім алушылары арасында Мұғалімдер күніне арналған «Ұстаз - ұлы тұлға» республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережелері оның мақсатын, міндеттерін және өткізу тәртібін анықтайды.

2. Байқау мақсаты: дарынды балаларды, жастарды және педагогтерді анықтау және қолдау, педагогтердің ғылыми-зерттеу қызметтерінің нәтижелілігін арттыру.

Байқау міндеттері:

- шығармашыл педагогтерге, әдіскерлерге, тәрбиешілерге, ата-аналарға, білім алушыларға өскелең ұрпақ білімі және тәрбиесі туралы өз ой-толғауларын, көзқарастыратын және идеяларын білдіруге мүмкіндік беру;

- білім беру саласындағы новаторлық идеялар, кәсіби атқарымдар, идеяларды тарату;

- кәсіби қызметтерде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалануды қолдау.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқауды ұйымдастырушылар әділ қазылар алқасы мен ұйымдастыру комитетінің құрамын қалыптастырады.

### 2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі

5. Байқау жұмыстары 2016 жылғы **17 қыркүйекке** дейін **konkurs.master@mail.ru** электрондық поштаға қабылданады. Байқауға 2016 жылғы **17 қыркүйектен** кейін түскен және Ережеге сәйкес келмеген байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқау қорытындысы, жеңімпаздар дипломдары мен қатысушылар сертификаттары 2016 жылғы **30 қыркүйекте** [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтына орналастырылады.

6. Байқауға жіберілген жұмыстар қайтарылмайды. Ұйымдастырушылар авторды көрсете отырып, жұмысты БАҚ-та жариялауға құқылы.

Анықтама телефондары: 8 (7172) 72-98-99 («Ұстаз-ұлы тұлға» байқауы).

7. Байқауға қатысу үшін қатысушы-педагогтер - 5000 (бес мың) теңге, қатысушы-оқушылар – 1500 (бір мың бес жүз) теңге төлемақы төлеуі қажет.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

Астана қаласы, БанкЦентрКредит АҚ.

Иик KZ918560000005068448

БИК КСJBKZKX

БИН 990140004733

Кбе 16.

Код назначения платежа: 859.

Төлемақы аталуы: «Ұстаз-ұлы тұлға».

8. Байқауға қатысу үшін **konkurs.master@mail.ru** электронды поштасына жіберу қажет:

- 1) 1-қосымшаға сәйкес өтінімді;
- 2) сканерден өткізілген төлемақы құжатын (түбіртек немесе төлем тапсырмасы);
- 3) байқауға қатысатын жұмыс.

### **3. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар**

9. Байқауға қатысатын жұмыстар Байқау тақырыбына, мақсатына және міндеттеріне сәйкес болуы тиіс.

10. Байқауға педагогтер, әдіскерлер, тәрбиешілер, оқытушылар, ата-аналар, білім алушылар қатыса алады.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі.

#### **1. «Педагогтің үздік портфолиосы» номинациясы.**

Байқауға портфолиоляр - қатысушының білім беру, әдістемелік, зерттеу және шығармашылық қызметінде жинақталған жетістіктері, білім алушыларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту нәтижелері көрсетілген жеке жинақтау папкасы қабылданады.

Байқауға ұсынылатын портфолионың құрылымы:

- қатысушының аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы;
- ақпараттық картасы (байқауға қатысушының қысқаша кәсіби биографиясы, жұмыс тәжірибесі, қол жеткізілген марапаттары, алғыстары);
- біліктілік арттыру курстары, семинарлары;
- нәтижелі білім беру жүйесін ұйымдастыруы (оқушыларының, тәрбиеленушілерінің жетістіктері, педагогикалық технологияларды қолдануы, балалармен сабақтан тыс жұмыстары);
- тәрбие жұмыстары (жұмыс материалдары, жетістіктер құжаттары, жүргізілген іс-шаралар тематикасы, ата-аналармен жұмыс);
- инновациялық жұмысқа қатысуы (бағдарламаларды құру, авторлық жұмыстар, интернет ресурстарында жарияланған мақалалар және т.б.)

- әдістемелік жұмыстарға қатысуы (педагогикалық кеңестердегі, семинарлардағы сөз сөйлеу, ашық сабақтар жүргізу, шеберлік сыныптар, тәжірибе жинақтауы, байқауларға қатысу);

- білім беру ұйымының қоғамдық өміріне қатысуы.

Байқауға ұсынылатын портфолио презентациясы тек электронды түрде (сілтемелерді қолдануға болады) қабылданады. Форматы: Microsoft Power Point.

Портфолиоға сканерден өткізілген құжаттарды (мақтау қағаздары, дипломдар, марапаттар, куәліктер), шығармашылық жұмыстардың суреттері, жобалардың сипаттамалары мен сарапшылардың ұсыныстарын және т.б. қосуға болады.

## **2. «Үздік әдістемелік жұмыс» номинациясы.**

Байқауға авторлық әдістемелік әзірлемелер, оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын айқындайтын оқу құралдары, заманауи педагогикалық технологиялар элементтері, жеке атқарымдары қабылданады.

## **3. «Үздік педагогикалық жоба» номинациясы.**

Байқауға кез-келген бағыттағы және тематикадағы авторлық педагогикалық жобалар қабылданады.

## **4. «Менің үздік жазба туындым» номинациясы.**

Бұл номинацияда ұсынылған тақырыптар бойынша ой-толғаулары қабылданады:

- «Білім жүйесі: Кеше. Бүгін. Ертең».
- "Менің педагогикалық ұстанымым" (Менің педагогикалық философиям; жеке педагогикалық тәжірибенің жинағы).
- "Менің новаторлық технологиям".
- "Білім беру жүйесі туралы ой-толғаулар" (еркін тақырып).

Қатысушыларға балалар тәрбиесі және оқытумен байланысты мәселелер, мектепте, елде, өңірде қалыптасқан білім беру жүйесі, педагогикалық жүйемен, білім беру жүйесіндегі реформалар, педагогтің немесе әріптестер қолданатын келешек ұрпақты тәрбиелеу жолдары мен әдістері жөніндегі жеке идеялар, жеке көзқарастары білдірілген эссе, шығарма, очерк, мақала жазу ұсынылады. Жұмыста ең бастысы – ашықтық, шыншылдық, қызықты әдістер, туындаған жағдайдағы жеке талдаулары, мәселелердің тиімді шешімдері, пайдалы кеңестер.

Бірлескен жұмыстар қабылданбайды. Байқауға ұсынылатын жұмыстар қазақ немесе орыс тілдерінде жіберілуі тиіс.

### **Ресімдеуге қойылатын талаптар:**

Жұмыс Word мәтіндік редакторында басылуы тиіс. Шрифт – Times New Roman. Шрифт өлшемі – 14. Жоларалық интервал – біркелкі (одинарный). Басты бет келесі ақпаратты қамтуы қажет: жұмыс орны, педагогтің аты-жөні, білім беру ұйымының толық аталуы, елді мекен (қала, аудан, ауыл). Басты бет байқау жұмысының бірінші беті болуы тиіс.

## **5. «Менің сүйікті ұстазым» номинациясы.**

Оқушылардың өз педагогтері туралы мақалалары, эссе, әңгімелері, очерктері, жарияланымдары қабылданады.

Жұмысты бағалау өлшемдері:

- Байқау тақырыбына сәйкестігі;
- жұмыстың сонылығы;
- өзектілігі;
- жұмыстың сапасы және мазмұндылығы;
- жаңашылдығы.

#### **4. Байқауды қорытындылау және жеңімпаздарды марапаттау**

12. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

13. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!-/c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: 8(7172) 72 98 99 «Ұстаз-ұлы тұлға» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық шаралар → «Ұстаз-ұлы тұлға» байқауы → жалғасы.

1- қосымша

#### **Байқауға қатысушы туралы мәлімет**

Қатысушының аты-жөні	Жасы	Мекен жайы	Білім беру ұйымының аталуы, сыныбы, курсы	Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы	Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)	Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы	Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы)
1	2	3	4	5	6	7	8